Құрметті Елші ханым!

Құрметті әскери атташе!

Ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі атынан және жеке өз атымнан **Германия Федеративтік Республикасы Қарулы Күштерінің Құрылған күнімен** құттықтауға рұқсат етіңіздер!

Қазақстан Германиямен көпжақты өзекті күн тәртібі бойынша, соның ішінде **Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және серіктестік ұйымы** және басқа да халықаралық ұйымдар шеңберіндегі ынтымақтастасып келеді.

Біз Германияның әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдауға қосып жатқан үлесін жоғары бағалаймыз.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Германияның Қарулы Күштерімен ынтымақтастықты нәтижелі және өзара тиімді дамытуға ерекше мән береді.

Қарулы Күштердің құрылған күнімен тағы да құттықтаймын және Германия Қарулы Күштерінің барлық жеке құрамына амандық және табыс тілеймін.

Назарларыңызға рақмет.